

**(жоғарғы оқу орнынан кейінгі)**

**ҚҰҚЫҚТЫҚ ДЕОНТОЛОГИЯ**

**«7M042–Құқықтану» магистратура**

**бағыты бойынша**

**1 кредит**

**НУР-СУЛТАН**

**2020**

## АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі Академиясы мемлекеттік-құқықтық пәндердің ғылыми және білім беру орталығында **дайындалған және енгізілген**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен **бекітілген** \_\_\_\_\_ 20 ж.

Хаттама №\_\_

## Пәннің мазмұны

1.Түсіндірме хат
II. Пәннің құрлымы және мазмұны
II.1 Негізгі бөлім. Байланыс сағаттарының тематикасы.
1тақырып. «Құқықтық деонтология» курсының болашақ судьяларды оқытудағы орны мен рөлі
2тақырып. Болашақ судьялардың тұлғалық қасиетін дамытудағы құқықтық деонтологияның міндеттері
3тақырып. Құқықтық мәдениет және судьяның тұлғалығы
4тақырып. Сыбайлас-жемқорлықты болдырмаудың рухани-адамгершілік тетіктері
5тақырып. Сот жүйесінің және судьяның келбеті және абыройы
6тақырып. Ойлаудың жаңа парадигмасы және кәсіби мінез-құлық
7тақырып. Судьялардың коммуникативтік құзреттілігі
8тақырып. Стресті және қайшылықтарды басқару
II.2 Өзіндік оқуға бөлінген тақырыптардың жобалық тізімі
III. Ұсынылған әдебиеттер тізімі
IV. Тиіптік оқу бағдарламасының авторлары

## ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Құқықтық деонтология» пәні судьялардың кәсіби қызметіндегі деонтологиялық мінез-құлқ нормалары жүйесін оқуды қарастырады. Бұл оқу пәні заң ғылымдарының даму прогресімен, елдің құқықтық мәдениетімен, сонымен бірге сот қызметіндегі құқықты түсіну мен құқықты қолдану мәселелерімен тығыз байланысты.

Пәннің оқу бағдарламасы пәнге жалпы сипаттама беруді, оның мақсаты мен міндеттерін оқу бағдарламасы аясында қарастырады.

Құқықтық деонтология - жалпы моральдық, құқықтық нормаларды судьялардың кәсіби ісіндегі көрінісін зерттейді.

Құқықтық деонтология судьялардың мінез-құлқын реттейтін тек моральдық-этикалық нормаларды ғана емес, сонымен бірге құқықтық, психологиялық талаптарды да зерттейді.

Судья қызметінің басты ерекшелігі, ол үнемі адам тағдырына байланысты күрделі мәселерді шешумен бетпе-бет келеді. Дұрыс шешім қабылдау, судьядан кәсіби біліктілігімен қатар, моральдық күш жігерді және қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілікті талап етеді.

Құқықтық деонтологияның ерекшелігі, ол судьяның тұлғалық қасиетіне, оның ішкі жан дүниесіне терең үнілуді және оны сот төрелігінің тиімді факторына айналдыруға назар аударады.

**Пәннің мақсаты** магистранттардың санасы мен дүниетанымында сот жүйесі алдында тұрған міндеттерді тиімді орындай алатын тұлғалық адамгершілік мәдениеті жоғары, кәсіби қызметіндегі деонтологиялық мінез құлқы биік мамандарды қалыптастыру болып табылады.

### **Курстың міндеттері:**

- судьяның кәсіби қызметіндегі деонтологиялық мінезқұлық норма жүйесін оқу;
- сот жүйесіндегі моральдық реттеулердің мазмұнын және ерекшеліктерін қарастыру;
- құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын көтеру;
- сыбайлас - жемқорлыққа қарсы рухани-адамгершілік тетіктерін қолдануды үйрету;

Пәнді оқыту нәтижесінде магистранттар мыналарды **білуі қажет:**

- кәсіби ортада моральдық және құқықтық реттеудің мәнін;
- практикалық іс-әрекетте деонтологиялық мінез-құлықтың қағидасын.

**Істей білу қажет:**

- деонтологиялық мінез-құлықтық нормалар туралы алған білімді адам құқын қамтамасыз ету саласында қолдану;
- әмбебаптық және кәсіби моральдық нормалар негізінде стратегиялық мінез-құлықты құру;
- құқықтық сауаттылықты, құқықтық сана мен мәдениетті жетілдіруде белсенді ұстаным таныту.

Пәнді оқу барысында магистранттар мынандай **құзреттілікке қол жеткізуі керек:**

- әдептілікке;
- коммуникативтілікке;
- сыни ойлау мен аналитикалық ойлау қабілеттілікке;

**Пререквизиттері:** Әкімшілдік құқық. Азаматтық құқық.

**Постреквезиттері:** Азаматтық-процессуальдық нормаларды қолдану.

## **II. ПӘННІҢ ҚҰРЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ**

### **II.1 НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

#### **БАЙЛАНЫС САҒАТЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ**

**1 тақырып. «Құқықтық деонтология» курсының болашақ судьяларды оқытудағы орны мен рөлі**

Құқықтық деонтология ғылым және оқу пәні ретінде, оның пәні, әдісі, қағидалары құрлымы. Құқықтық деонтологияның қайнар бұлақтары. Кәсіби судьяларды дайындаудағы құқықтық деонтологияның орыны.

**2 тақырып. Болашақ судьялардың тұлғалық қасиетін дамытудағы құқықтық деонтологияның міндеттері**

Судьяның кәсіби мінез-құлқын қалыптастырудағы құқықтық деонтологияның міндеттері. Практикалық бағыттағы пән ретінде құқықтық деонтологияның негізгі міндеттері. Сот деонтологиясының басты

ерекшеліктері. Құқықтық деонтологияның арнайы және нормативтік бөлімдері.

### **3 тақырып. Құқықтық мәдениет және судьяның тұлғалығы.**

Құқықтық мәдениет ұғымы. Құқықтық мәдениет азаматтардың құқығын сотта қорғаудың жағдайы ретінде. Сот қызметіндегі аксиология ұғымы. Судьяның мінез-құлқына жеке басы құндылықтарының әсері. Судьяның өз қызметіне, соттөрелігіне, сот процесіне қатысушыларға деген құқықтық мәдениетінің деңгейі.

### **4 тақырып. Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың рухани-адамгершілік тетіктері.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет рухани мәдениеттің маңызды элементі ретінде. Судьялардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің адамгершілік мазмұны. Судья әдебі және судьялардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін көтеру. Судьялардың мінез-құлқындағы моральдық ұстанымның басымдығы.

### **5 тақырып. Судьяның және сот жүйесінің келбеті және абыройы**

Келбет (имидж) туралы ұғым. Судьяға тұлға, адам, лауазым иесі ретінде қойылатын моральдық талаптар. Судьяның жағымды келбетін дамытудың технологиясы. «Мінсіз судья». Сот жүйесінің жағымды келбеті және сот төрелігіне сенімді арттыру. Судьяның және сот жүйесінің жағымды келбетін қалыптастыруға әсер ететін факторлар ( БАҚ, Интернет-ресурстары т.б.).

### **6 тақырып. Ойлаудың жаңа парадигмасы және кәсіби мінез-құлық**

Құқықтың үстемдігін соттөрелігіндегі әділеттілікті көтеру арқылы қамтамасыз ету. Судьяның жауапкершілігін, тәуелсіздігін, кәсіби құзреттілігін сот шешімдерінің сапасын көтеру арқылы қамтамасыз ету. Ойлау және мінез-құлық арасындағы байланыс. Ойлау парадигмасы ұстаным мен мінез-құлықтың қайнар бұлағы ретінде. Әдепті ойлау және мінез-құлық. Стереотиптік ойлау және мінез-құлық. Сыни ойлау стереотиптерді жеңу құралы ретінде. Судьялардың ойлау мәдениеті деңгейін арттыру.

### **7 тақырып. Судьялардың коммуникативтік құзреттілігі**

Судьяның коммуникативтік құзреттілігі. Әдеп және коммуникативтік мінез-құлық. Жазба мәтіндермен жұмыс істеу және сот мәжілісіндегі ауызша коммуникация. Сот отырысының мәдениеті. Сот залындағы ауыз екі сөз өзараәсері арқылы соттөрелігін жүзеге асыру және құқықтық қайшылықты шешу, құқықтық жағдайды өзгерту.

### **8 тақырып. Шиеленісті және күйзелісті басқару**

Судьяның кәсіби қызметіндегі шиеленіс және күйзеліс. Шиеленістердің табиғаты, құрлымы, түрлері. Шиеленістің жағымды және жағымсыз

қызметтері. Шиеленісті басқарудағы әдептік ресурс. Медиация шиеленісті басқару тәсілі ретінде. Шиеленісті басқару технологиясы. Күйзелістің себептері және оны төмендетудің жолдары. Күйзелісті басқару технологиясы.

## **II.2 ӨЗІНДІК ОҚУҒА АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ТІЗІМІ**

- 1тақырып. Кәсіби этиканың түрлері және ұғымдары
- 2тақырып. Сөт төрелігі қағидасының моральдық мазмұны
- 3тақырып. Құқық пен моральдың өзарақатынасы
- 4тақырып. Жауапкершілік этикасы
- 5тақырып. Адамгершілік көшбасшысы
- 6тақырып. Қазақстан Республикасындағы сот төрелігін жүзеге асырудың моральдық-этикалық негіздері
- 7тақырып. Судьяның рухани-моральдық мәдениеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың жүйелі негізі ретінде.
- 8тақырып. Судья әдебін тәртіптік тәжірибе ұстанымы арқылы қарау
- 9тақырып. Сот шешеніне қойылатын этикалық талаптар.
- 10тақырып. Судьяның сөз сөйлеу мінез-құлқындағы әдеп
- 11тақырып. Медиаторға қойылатын моральдық талаптар жүйесі
- 12тақырып. Шиеленісті жағдайды туғызатын негізгі факторлар
- 13 тақырып. Даулы тұлғаның негізгі түрлері
- 14 тақырып. Сыни ойлаудың мәні, оның негізгі сипаттамалары
- 15 тақырып. Вербальдық және вербальдық емес коммуникативтік мінез-құлық.
- 16тақырып. Коммуникативтік кедергілерді жою, судьяның кәсіби мінез-құлқын жетілдірудің факторы ретінде
- 17тақырып. Судья және сот билігінің имиджі
- 18тақырып. Өзгерістерді басқару, судьяның тұлғалық қасиеттерін дамыту жолдары
- 20 тақырып. Сыни ойлаудың мәні, негізгі сипаттамалары

## **ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Нормативтік әдебиеттер:**

1. Конституция Республики Казахстан // <http://constitution.kz/>
2. Кодекс судейской этики // <http://sud.gov.kz>
3. О противодействии коррупции: Закон Республики Казахстан <http://www.kyzmet.kz>
4. О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан /Конституционный закон Республики Казахстан от 25 декабря 2000 года № 132-II // <https://online.zakon.kz>

Негізгі әдебиеттер:

1. Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции / Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г. [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana)
2. Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 05 октября 2018 г. <http://www.akorda.kz>
3. Джусупова Р.С.-А. Профессиональная этика судьи: Учебное пособие. – Астана: Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, 2008.
4. Дианин-Хавард А. К. Нравственное лидерство. Второе издание, исправленное и дополненное, СПб, 2012.
5. Кови Стивен. Семь навыков высокоэффективных людей / <http://online-knigi.com/page/259016?page=1>
6. Кони А. Ф. Собр. соч. Т. 4. М.: Юристъ, 2001. – 390 с.
7. Коттер Джон. Лидерство Мацуситы. Уроки выдающегося предпринимателя XX века Год: 1997 <http://lifeinbooks.net/chto-rochitat>
8. Сэнборн, Марк Лучший из лучших / Марк Сэнборн. - М.: Попурри, 2016. - 192 с.
9. Линн Ш., Обама Б. Уроки лидерства / Линн Шелли. - Москва: Гостехиздат, 2015. - 336 с. Шепель В. М. Управленческая этика. – М., 2008.
10. Шепель В. М. Управленческая этика. – М., 2008.
11. Эллиот, Дж. Стив Джобс. Уроки лидерства. - М.: «Манн, Иванов и Фербер», Эксмо, 2016. - 240 с.
12. Горшенев В.М., Бенедик И.В. Юридическая деонтология. Учебное пособие. Киев.,1988 -80с.
13. Скакун О.Ф., Овчаренко Н И. Юридическая деонтология.Учебник. Харьков. 1999-280с.
14. Габитов Т.Х Этика юриста Учебное пособие. Алматы. 2006 - 66с.
15. Молдабаев С. Судебная деонтология как часть профессиональной деонтологии//журн Фемида №7. Июль. 2019.

## ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ

1. Бурбаев Төлеуғали Кайыржанұлы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі Академиясы, мемлекеттік – құқықтық пәндер ғылыми-білім беру орталығының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор.
2. Джусупова Раушан Сеит-Аскарровна, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі Академиясы, мемлекеттік –



құқықтық пәндер ғылыми-білім беру орталығының доценті, философия ғылымдарының кандидаты, доцент.